Мақаланың мақсаты тұтынушылық кредит беруді ұйымдастырудың кейбір теориялық және практикалық аспектілерін жариялау және сыртқы және ішкі факторлардың тұтынушылық несие беру саласындағы банктердің несиелік қызметінің жағдайы мен динамикасына, сондай-ақ осы қызметке ілесіп жүретін объективті және субъективті сипаттағы мәселелерді анықтауға әсерін талдау болып табылады. Коммерциялық банктердің несиелік саясатына халықаралық және ішкі қаржы процестерінің әсерін ескере отырып халыққа тұтынушылық мақсаттарға банктік несие берудің қазіргі заманғы кезеңінің үрдістері талданды. Статистикалық деректер негізінде теңге өтімділігінің ұсынысына және несие ресурстарының құнына әсер ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк базалық мөлшерлемелерінің ауытқу серпініне, ЕДБ орташа пайыздық мөлшерлемесі мен тұтынушылық мақсаттарға берілген несиелердің көлеміне, сондай-ақ бөлшек және жиынтық несиелік портфельде тұтынушылық несие беруді ұстауға зерттеу жүргізілді. Несиелік банк өнімдерінің түрлерін модификациялау ақпараттық технологиялар мен несие беру тәсілдерінің жылдам дамуымен байланысты болғандықтан зерттеу жұмысында банктік тұтынушылық өнімдердің кең таралған санаттарын - cash-заемдарды, POS-несиелерді және несие карточкаларын дамыту егжей-тегжейлі қарастырылды. Мақалада сондай-ақ банктің несиелік стратегиясы аясында баға белгілеудің негізгі тәсілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктері зерттелген.

Негізгі сөздер: тұтынушылық несие, несие саясаты, баға саясаты, несие стратегиясы, cash-кредиттер, POS-кредиттер және несие карталары.

Целью статьи является освещение некоторых теоретических и практических аспектов организации потребительского кредитования и анализ влияния внешних и внутренних факторов на состояние и динамику кредитной деятельности банков в области потребительского кредитования и выявлению проблем объективного и субъективного характера, сопровождающих данную деятельность. Проанализированы тенденции современного этапа банковского кредитования населения на потребительские цели с учетом влияния международных и внутренних финансовых процессов на кредитную политику коммерческих банков. На основе статистических данных проведено исследование динамики изменения базовых ставок Национального Банка Республики Казахстан, влияющие на предложение тенговой ликвидности и стоимость кредитных ресурсов, средних процентных ставок БВУ и объемы выданных кредитов на потребительские цели, а также содержание потребительского кредитования в розничном и совокупном кредитном портфеле. Модификация видов кредитных банковских продуктов связана с быстрым развитием информационных технологий и подходов к выдаче кредитов в связи с чем в работе подробно рассмотрено развитие распространенных категорий банковских потребительских продуктов - cash-займов, POS-кредитов и карточных кредитов. В статье также исследуются преимущества и недостатки основных подходов к ценообразованию в рамках кредитной стратегии банка.

Ключевые слова: потребительский кредит, кредитная политика, ценовая политика, кредитная стратегия, cash-кредиты, POS-кредиты и кредитные карты.

Article considers some theoretical and practical points of arranging consumer crediting and evaluating influence of external and internal factors. Their influence on condition and dynamics of banks' credit activity in consumer crediting and determining the problem of objective and subjective nature is highlighted. Development of current bank lending for consumer purposes have been analyzed, taking into account the influence of international and domestic financial activity on commercial banks' credit policy. According to statistical data, a study was conducted on the dynamics of changes in the base rates of the National Bank of the Republic of Kazakhstan. These base rates affect the supply of tenge liquidity and the cost of credit resources, the average interest rates of second-tier banks and the volume of loans issued for consumer purposes, as well as the content of consumer lending in the retail and total loan portfolio. Version it of credit banking products is dealt with mushroom growth of information technologies and approaches to granting of credit that's why the article examines the development of common categories of banking consumer products - cash loans, POS loans and card loans. The article also studies the advantages and disadvantages of the main approaches to pricing in the bank's credit strategy.

Keywords: consumer credit, credit policy, pricing policy, credit strategy, cash loans, POS-loans and credit cards

#### **Сведения об авторах:**

Кулумбетова Д.Б. – к.э.н., профессор кафедры «Финансы» Казахско-Русского международного университета (г.Актобе)

Сугурова А.Ж. – к.э.н., ассистент профессора кафедры «Экономические дисциплины» Казахской академии транспорта и коммуникаций имени М.Тынышпаева (г.Алматы)

Асанова А.Б. – к.э.н., ассоциированный профессор, АО «Университет Нархоз», научно-образовательный департамент «Учет, анализ и аудит» (г.Алматы)

JEL: J080

## Қазақстанның еңбек нарығын талдау және жұмыспен қамту мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары

А. Джусибалиева, А. Орынбасарова, А. Курманалина

### Кіріспе

Қазіргі уақытта еңбек нарығын мемлекеттік реттеу және халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатын іске асыру мәселелері үлкен әлеуметтік-экономикалық өзектілікке және маңыздылыққа ие. Макроэкономикалық реттеу құралдарының көмегімен мемлекет елдің барлық азаматтарына өзінің еңбекке қабілеттілігін іске асыруда қолайлы жағдайлар жасауға, жұмыс күшінің кәсіби ұтқырлығына жәрдемдесуге, оның жоғары бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға, сондай-ақ жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық салдарын азайтуға бағытталған. Әлеуметтік, құрылымдық, индустриялық және инвестициялық саясатты, кіріс саясатын және макроэкономикалық саясаттың басқа да құралдарын іске асырудан бөлек халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты жеке жүзеге асырылмайды.

Ұлттық экономиканы қажетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету жөніндегі экономикалық міндеттерді шешу еңбек нарығын қалыптастыру процестерінің көп қырлығымен, күрделілігімен және қарама-қайшылығымен айқындалады. Еңбек нарығының маңызды экономикалық параметрлерінің бірі еңбек ресурстарының ұтқырлығы болып табылады, ол қызметкерлер мен олардың отбасыларының басқа аудандарға, өңірлерге жұмысқа жалдау бойынша неғұрлым тиімді ұсыныстары бар тұру орнын таңдау үшін көшудің нақты мүмкіндіктерімен сипатталады. Еңбек ұтқырлығы, қызметкерлерді жаңа жұмыс орындарына ауыстыру үдерісі ретінде ұлттық еңбек нарығының жұмыс істеуіне үлкен әсер етеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық Жоспарының дамуына сәйкес маңызды реформалардың бірі «Жаңа адами капитал» болып табылады. Адами капиталды дамыту, 21 ғасырдың жоғары сапалы және сұранысқа ие дағдылар - реформаның басым міндеті болып табылады. Бұл міндетті шешуге Қазақстанның одан әрі экономикалық өсуі тәуелді болады. Ол қызметкерлердің үздіксіз оқытуға және қажетті дағдыларды игеруге дайындығын қамтитын жаңа уақыттың құзыретін білдіреді. Қолданыстағы еңбек ресурстарының әлеуеті неғұрлым тиімді пайдаланылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейін Стратегиялық даму жоспары іске асыру шеңберінде жұмыспен қамту саясатының маңызды басымдығы - ол, нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу болып табылады. Бұл бағытта жұмыс күшінің еңбек ұтқырлығын қамтамасыз ету арқылы қолда бар

еңбек ресурстары өнімділігінің жедел өсуі, жұмыссыз адамдарды және экономиканың бейресми секторында, өнімділігі төмен салаларда жұмыспен қамтылғандарды қолдау бағдарларын сақтау және қолдау, және де еңбек нарығының инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады [1].

Жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының маңызды міндеті еңбек ұтқырлығын арттыру және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің басқа да белсенді шаралары болып табылады. Бұл бағытта жұмыспен қамтудың өнімділігінің пайдасына еңбек ресурстары бар құрылымның өзгеруіне, неғұрлым өндірістік жұмыс орындарының пайдасына еңбек ресурстарының қайта бөлуіне бағытталған кешенді шаралар іске асырылатын болады.

### Зерттеудің негізгі әдістері

Бұл зерттеуде авторлар макроэкономикалық талдау әдістерін, жүйелік тәсілін, экономикалық зерттеулердің статистикалық және графикалық әдістерін пайдаланды. Біріншіден, еңбек нарығын талдауы жасалған және халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары қарастырылды; екіншіден, елде осы салада жүзеге асырылатын мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатын іске асыруы талданды; үшіншіден, еңбек нарығының өзекті мәселелеріне және оларды тиімді шешуді жолдары зерттелген; төртіншіден, халықты нәтижелі және ұтымды жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау шараларын қарастыруға басты назар аударылды.

### Зерттеудің нәтижелері мен алдағы перспективалар

Қазақстанда мемлекет еңбек ресурстарын ұтымды бөлу бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады. Үкімет пен жергілікті билік органдары іске асыратын Халықты жұмыспен қамту бағдарламалары Қазақстанды дамытудың стратегиялық жоспарларына негізделген және көп жағдайда еңбек нарығының қазіргі заманғы даму ерекшеліктерін ескереді. Жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін мемлекет бірқатар шараларды іске асыруда (оның ішінде жастар жұмыссыздығының алдын алу), олардың ішінде негізгілері шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттің қолдауы және олардың қосымша жұмыс орындарын құруды ынталандыру, қазіргі заманғы еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып жұмыссыздарды кәсіби даярлау жүйесін ұйымдастыру, жаңа

бастаған кәсіпкерлерді тегін бизнес оқытуды жүргізу, әр түрлі салаларда инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде арнайы жұмыс орындарын құру, әлеуметтік жұмыс орындарын құру, жастар практикасын ұйымдастыру және қазіргі жағдайда тиімді жұмыспен қамтамасыз ететін басқа да әдістер.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қызмет түрі мен жұмыс таңдау еркіндігінде; кемсітудің кез келген түрлерінен қорғауға; мамандық алу және жұмысқа орналастырудағы тең мүмкіндіктерне, еңбек пен жұмыспен қамтудағы таңдау шарттарына; жұмыссыздықтан халықты қорғау арқылы халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша негізделген іс-шараларды қамтамасыз етеді.

Дербес мемлекеттік саясатты және халықтың еңбек пен жұмыспен қамту саласында мемлекеттік бағдарламаларды жүргізетін, әлеуметтік-еңбек жөнінде, сондай-ақ, халықтың миграциясы саласында басшылық ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады. Еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және әлеуметтік қорғау жөнінде азаматтарды конституциялық кепілдіктер мен құқықтарын қамтамасыз ету арқылы халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға жәрдемдесу Министрліктің миссиясы болып табылады [2].

«Халықты жұмыспен қамту» туралы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-V Заңына (2019 жылғы 3 сәуір өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат толық, өнімді және еркін таңдап алынған жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған және мынадай шаралар арқылы іске асырылады: жұмыс күшін дамыту, оның ұтқырлығын арттыру; ұлтына, жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына, саяси, діни сеніміне және басқа да жағдайларға қарамастан, кез келген мамандық пен еркін кәсіп түрін іске асыру құқығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге; азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік бастамаларын қолдау, олардың өндірістік, шығармашылық еңбек қабілетін дамытуға жәрдемдесу; жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген тұлғаларды жұмыспен қамтуға көмек беретін іс-шараларды және басқа да бірқатар шараларды жүзеге асыру.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы билік органдарына ел мен өңірлердің экономикалық және әлеуметтік даму болжамдарына негізделген жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету шараларын әзірлеу жөніндегі өкілеттіктер берілген. Бұл шаралар мыналарды қарастырады:

1. Әлеуметтік-кәсіптік бағдар жүргізу;

2. Еңбек делдалдығы;

3. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі белсенді шаралар;

4. Жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету;

5. Азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа қабылдау үшін квоталар белгілеу;

6. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу;

7. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру;

8. Қоғамдық жұмыстар [3].

Еңбек ресурстарын және жұмыс күшінің ұтқырлығын реттеуде маңызды макроэкономикалық, стратегиялық және әлеуметтік-экономикалық маңызы бар нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарына «Еңбек» мемлекеттік бағдарлама белсенді іске асырылуда. «Еңбек» бағдарламасының мақсаты халықты жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлік қызметке тарту болып табылады.

«Еңбек» үкіметтік бағдарламаның негізгі міндеттері мынадай:

1. Еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау.

2. Еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіп түрлері мен дағдылар бойынша қызметкерлерді қысқа мерзімді кәсіби даярлау.

3. Кәсіпкерлік және бизнес негіздерін оқыту.

4. Ауылдық аудандар мен қалаларда шағын кредит беруді кеңейту.

5. Жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.

6. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру.

7. Жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру үшін бірыңғай сандық платформа құру [4].

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп іске асырады. «Еңбек» бағдарламасы аясында 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында 281 мың адам қатысса, оның 198 мыңы жұмыспен қамтылды. Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері 314 млрд. теңге бөлінді (2017-2018 жылдары – 190 млрд. теңге, 2019 жылы – 124 млрд. теңге), екі жыл ішінде оның қатысушылары 1,2 млн. астам адам болса, тұрақты жұмыс орындарына 695 мың адам жұмысқа орналастырылды. Атап айтқанда, техникалық және кәсіптік білім беру шеңберінде тегін білім алуға 53 мыңға жуық жастар қамтуға жоспарланса, қысқа мерзімді курстармен 46 мыңнан астам азамат қамтылады. 14 мыңнан астам қатысушы шағын несие алады және «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқуға 35 мың адам жіберілетін болады. Өз ісін іске асыру үшін шамамен 14 мың қатысушы, оның ішінде күнкөрісі төмен және көп балалы отбасылардан шыққан қатысушылар тегін мемлекеттік гранттарды пайдалана алатын болады.

Бағдарламаны жүзеге асыру аясында 2017 жылдан бастап 1,1 млн. адам жұмысқа орналастырылса, оның

70%-ы тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды. «Еңбек» бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін оны жетілдіру көзделеді. Бағдарламаның іс-шаралары соңғы жұмысқа орналасуға бағдарланады, халықты шағын несиелеудің шарттары мен қамтылуы кеңейтілген, бағдарламаның әрбір шарасы үшін нысаналы санаттардың қатысу критерийлері нақтыланған. Қазақстан үшін мүгедек-адамдардың еңбек ету құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту басым міндеттердің бірі болып табылатынын атап өткен жөн [5].


2019 жылдың IV тоқсанындағы Қазақстанның еңбек нарығындағы жағдайды талдау. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің мәліметінше, 2019 жылғы IV тоқсанда үй шаруашылығының қорытындысы бойынша 15 және одан жоғары жастағы жұмыс күшінің саны 9,2 млн. адамды құрады. Республика экономикасында 8,8 млн. адам жұмыспен қамтылды. 15 және одан жоғары жастағы халыққа шаққанда жұмыспен қамту деңгейі 66,8% құрады және 2018 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда 0,2% азайды. 2019 жылғы IV тоқсанда жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге дайын болған 15 және одан жоғары жастағы адамдар) 441,4 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі 4,8% (2018 жылғы IV тоқсанда – 4,8%) құрады (1 сурет).

1 сурет

### Жұмыссыздық деңгейі

пайызбен



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) деректері бойынша [6].

2019 жылғы IV тоқсанда жұмыссыздар санындағы ерлердің үлесі 45,4% (200,4 мың адам), әйелдер үлесі – 54,6% (241 мың адам) құрады. Жұмыссыздардың жалпы санындағы 15-28 жас аралығындағы

жастардың үлесі 18,4% немесе 81,1 мың адамды құрады. 15-28 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,7% құрады. Еңбек нарығының негізгі индикаторлары 1-кестеде көрсетілген.

1 кесте

### 2019 жылғы IV тоқсандағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары

мың адам

	Барлығы	Оның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Жұмыс күші, мың адам	9 214,8	4 748,5	4 466,3
15 және одан жоғары жастағы халық санындағы жұмыс күші үлесі, пайызбен	70,2	76,6	64,5
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8 773,4	4 548,1	4 225,3
Жұмыспен қамту деңгейі, пайызбен:			
15 және одан жоғары жастағы халыққа шаққанда жұмыс күшінің санына	66,8	73,3	61,0
Жұмыссыз халық, мың адам	441,4	200,4	241,0
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	4,8	4,2	5,4
15-28 жастағы жұмыссыздар, мың адам	81,1	38,4	42,7
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, пайызбен (15-28 жастағы)*	3,7	3,3	4,1
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	2,1	1,6	2,6
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, мың адам	3 915,6	1 454,3	2 461,3
15 және одан жоғары жастағы халық санындағы жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың үлесі, пайызбен	29,8	23,4	35,5

\* «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) деректері бойынша [6].

2019 жылғы IV тоқсанда жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санында 6,7 млн. адам немесе 76% жалдамалы қызметкерлер; 1,5 млн. адам - дара (жеке) кәсіпкерлер; 2,9 мың адам - жеке практикамен айналысқан адамдар; 14,2 мың адам - шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар; 539,9 мың адам - тәуелсіз жұмыскерлер құрады.

Жұмыспен қамтылғандардың көп бөлігі өз қызметін сауда саласында (16,3%), ауыл шаруашы-

лығында (13,4%), өндірісте (12,5%), білім беруде (12,7%) сияқты экономикалық қызметтер түрлерінде жүзеге асырды. Жоғары және орта кәсіптік (арнаулы) білімі барлар 7,2 млн. адамды құрады, бұл жұмыспен қамтылған халықтың 82,5%. Жұмыспен қамтылған ерлердің үлесімен салыстырғанда жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі 5,6 пайыздық тармаққа жоғары. Жұмыспен қамтылғандардың негізгі үлесін – 64,6% (5,7 млн. адамды) 29-54 жастағы адамдар құрады. Қызмет түрлері мен салалары бойынша елдің жұмыспен қамтылған халқының құрылымы 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте

### 2019 жылғы IV тоқсан бойынша жұмыспен қамтылған халықтың құрылымы

мың адам

	Барлығы	Оның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Жұмыспен қамтылған халық, барлығы	8 773,4	4 548,1	4 225,3
Жалдамалы қызметкерлер	6 667,1	3 455,0	3 212,1
соның ішінде жұмыспен қамтылғандар:			
кәсіпорында	5 831,6	3 003,9	2 827,7
жеке тұлғаларда	558,6	278,3	280,3
шаруа (фермер) қожалықтарында	258,8	161,8	97,0
көбінесе бір тапсырыс берушімен қызмет көрсетуге азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша	18,1	11,0	7,1
Дара (жеке) кәсіпкерлер	1 549,3	821,6	727,7
Жеке практикамен айналысатын адамдар	2,9	1,2	1,7
Көбінесе бірнеше тапсырыс берушімен қызмет көрсетуге азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызмет көрсететін жеке тұлғалар	-	-	-
Шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар	14,2	8,6	5,6
Тәуелсіз жұмыскерлер	539,9	261,7	278,2

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) деректері бойынша [6].

Еңбек нарығының көрсеткіштері мен индикаторларына жүргізілген талдау тұрғын халықтың көп санына байланысты жұмыс күшінің максималды саны Алматы облысына – 1043 мың адамға, Алматы қаласына – 985 мың адамға және Түркістан облысына – 819 мың адамға тиетінін көрсетті. Өз кезегінде, мегаполистер мен мұнай өндіретін өңірлерде қаржылық тартымдылыққа байланысты жұмыс күшінің саны өсуде. Ең үлкен жылдық өсім батыс өңірлерде (Маңғыстау облысында – 14,1%, Атырау облысында – 6,2%), Нұр-Сұлтан қаласында – 6,6%, Шымкент қаласында – 4,2% және Алматы қаласында – 2,7% белгіленді. Бұл ретте, елдің жекелеген өңірлерінде көрсетілген көрсеткіштің азаюы байқалады. Мысалы, жұмыс күші санының азаю көрсеткіші Солтүстік Қазақстан облысында – 1,6%, Қызылорда және Павлодар облыстарында – 0,9%. Жұмыс күшінің негізгі үлесі жұмыспен қамтылған халыққа тиесілі, оның саны 8763 мың адамды немесе 95,2% құрайды. 2018 жылдың IV тоқсанымен салыстырғанда осы санат санының 1,6%-ға өсуі

байқалады. Жұмыспен қамтылған халықтың басым бөлігі Алматы облысына (995 мың адам), Алматы қаласына (935 мың адам) және Түркістан облысына (777 мың адам) келеді, себебі бұл жерлерде жұмыс күші тым сандық үлесте жоғары.

Жоғары және орта кәсіптік (арнайы) білімді 7 млн. адам алды, бұл жұмыспен қамтылған халықтың 79,9%. Жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі ерлермен салыстырғанда 6,6%-ға жоғары. Жұмыспен қамтылған халықтың негізгі үлесін – 30% (2,6 млн. адам) 25-34 жастағы тұлғалар құрады. Құрылатын жұмыс орындарын жүйелендіру мен есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – министрлігі) 2019 жылғы 19 сәуірде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға, жұмыс орындарын құру туралы мәліметтерді ұсынуға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдардың «Жұмыс орындарын құру мониторингін жүзеге асыру Ережелері» қабылдады. Көрсетілген

Ережелер негізінде Министрлік «Жұмыс орындарын құрудың Интеграцияланған картасы» ақпараттық жүйесін әзірледі (бұдан әрі – Ақпараттық жүйе). Ол жұмыс орындарын құру бойынша міндеттемелердің орындалуына сапалы мониторингі, жұмыс орындарын құруды және қысқартуды болжауды, өңірлер бөлінісінде ауылдық елді мекендерге дейінгі жұмыс орындарының артықшылығы мен тапшылығын, мемлекеттік бағдарламаларды, шағын және орта бизнесті, жобаларды, кәсіпорындарды, экономика салаларын талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық жүйе нақты жағдайды көрсетеді, сондай-ақ жұмыспен қамту саясатын іске асыру бөлігінде жергілікті атқарушы органдар іске асыратын мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың жаңа тәсілін қамтамасыз етеді. 2019 жылдың мамырынан бастап ақпараттық жүйеде негізгі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жұмыс орындардың құру, сондай-ақ жеке бастамалар шеңберінде құрылатын жұмыс орындары бойынша мәліметтер енгізу мүмкіндігі қарастырылған. Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 2019 жылдың 1 шілдесіне 186 мың жаңа жұмыс орындары (оның ішінде тұрақты – 126,1 мың, уақытша – 59,9 мың), яғни жылдық жоспардың 50% (373 мың), оның ішінде ауылдық жерлерде – 77,8 мың жұмыс орындары құрылды.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылған жұмыс орындарының саны көтерме-бөлшек сауда саласына – 24,5 мың, құрылыста – 18,2 мың, ауыл, орман және балық шаруашылығында – 17 мың жұмыс орнына шағады. Жұмыс орындарының ең көп саны Алматы қаласында (22,6 мың), Алматы (17,1 мың) және Маңғыстау (15,8 мың) облыстарында құрылған. Жұмыс орындарының ең аз саны Қызылорда (5,6 мың), Қарағанды (6 мың) және Батыс Қазақстан (6,5 мың) облыстарында құрылған [7].

Алайда, 2018 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда 2019 жылғы IV тоқсанда жұмыспен қамтылған халық санының негізгі өсімі тұру және тамақтану бойынша қызметтер көрсету саласында – 11,8%, өзге де жеке қызметтер – 10,5%, сумен жабдықтау және қалдықтарды жою саласында – 9,2%, өнер және ойын – сауық саласында – 7,2% орын алды. Сонымен қатар, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 4,7%, ақпарат және байланыс саласында – 2,4%, ауыл шаруашылығы – 1,2% сияқты салаларда жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі байқалады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ жұмыс-сыздықтың өсуінің алдын алуға, нәтижелі жұмыспен қамтудың өсуіне жәрдемдесуге, жұмыс күшінің сапасын арттыруға және ұлттық еңбек нарығын қорғауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды жалғастыруда. Олардың ішінде жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, жұмыссыздықтың айтарлықтай өсуіне жол

бермеуге, жаңа жұмыс орындарын сақтауға және құруға бағытталған «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы кадрларын жұмыспен қамту және қайта даярлау стратегиясын атап өту маңызды. Осы бағдарламаны іске асырудың мақсаты тұрақты және нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табыс деңгейін арттыру болып табылады. Бұл бағдарлама солтүстік өңірлерінде еңбек ресурстарының тапшылығын реттеу жөніндегі негізгі құралдардың бірі болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды оқыту және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;
- ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу;
- еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру;
- ауылдық елді мекендерді дамыту.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 580 мың адам тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды.

Сонымен қатар, Қазақстанның еңбек нарығына да, одан әрі экономикалық өсуге де әсер ететін мынадай жүйелі проблемалар сақталуда.

1) Еңбек ресурстарының сапасы еңбек нарығындағы қажеттілікке толық шамада сәйкес келмейді.

2) Нәтижесіз жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейі сақталуда.

3) Еңбек ресурстарының өңірлік теңгерімсіздігі орын алған.

4) Жеке сектор жаңа, тұрақты, өндіруші жұмыс орындарын жеткілікті түрде құрмайды [4].

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптік дағдылар мен біліктілікті меңгерудің тиімді жүйесін, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдауды қоса алғанда, еңбек делдалдығының тиімді моделін құруға бағдарланған.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының мән-мәтінінде кезеңдерге жүргізілген талдау мен іске асыруға сәйкес мемлекеттік жұмыспен қамту саясатының мынадай күшті жақтары анықталды:

- нәтижелі және ұтымды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мәселелерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының қызметіндегі үлкен басымдық;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік саясатын іске асыруда жаңартылған нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында халықты еңбек күші көп (оңтүстік) өңірлерден елдің еңбек тапшылығы (солтүстік) өңірлеріне көшіру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға біраз қаржылық және материалдық ресурстар бөлу;

- институционалдық базаның болуы және жетілдіру, әлеуметтік-еңбек саласының инфрақұрылымын дамыту;

- мемлекет тарапынан жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асырудағы елеулі тәжірибе;

- халықты жұмыспен қамту саясатын іске асыруда халықаралық ұйымдармені және сарапшылармені, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер өкілдерімені ынтымақтастық құру.

Жұмыспен қамтудың перспективалық модельдері нарықтық конъюнктураға төзімді болуға, ауыл халқының табысын, кәсіби өсімін және ең бастысы – жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге тиіс. Еңбек әлеуетін қазіргі заманғы аграрлық қайта құрулардың басты қозғаушы күші және ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақты дамытудың объективті факторы ретінде тиімді пайдалану және ауылдық әлеуметтік-еңбек саласын, жұмыс әлеуетін дамытумен қатар ауылдық аумақтардың халқын жұмыспен қамту саласында ерекше маңызға ие [8].

Ауылдық жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру

және әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік шараларды әзірлеу кезінде теңгерімділікке қол жеткізуді қиындататын және есепке алуды талап ететін ерекшеліктері бар ауылдық еңбек нарығы ерекше қиындықтарды бастан кешіруде. «Жол картасының формализациясы және бейресми жұмыспен қамтылған халықты ел экономикасына тарту» жөнін іске асыру барысында Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі «Еңбек» бағдарламасының екінші бағытының операторы бола отырып, ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда бизнес-жобаларды іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын Бағдарламаға қатысушыларға несие /микронесие беру жолымен өз бетінше жұмыспен қамтылған халықты және жеке қосалқы шаруашылық мәртебесіндегі жұмыссыздарды өнімді қызметке және формальды секторға тарту жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Еңбек нарығының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін талдау үшін жұмыссыздар ретінде тіркелген және жұмысқа орналасқандардың санын қарастырылды (3 кесте).

3 кесте

### Жұмыссыздар ретінде тіркелген және жұмысқа орналасқан адамдар саны

	Есепті айдың соңына жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар саны, адам	Жұмыс күшінің санындағы тіркелген жұмыссыздар үлесі, пайызбен	Барлығы жұмысқа орналастыру бойынша көрсетілген шаралар	
			барлығы, бірлік	өтініш білдіргендердің жалпы санына, пайызбен
<b>Қазақстан Республикасы</b>	116 063	1,3	22 972	31,5
Ақмола	1 567	0,4	778	52,7
Ақтөбе	4 919	1,1	2 203	58,9
Алматы	8 544	0,8	1 090	17,2
Атырау	7 113	2,1	700	24,6
Батыс Қазақстан	5 537	1,6	868	29,1
Жамбыл	9 988	1,9	1 930	38,1
Қарағанды	4 397	0,6	1 705	50,6
Қостанай	3 737	0,7	741	34,1
Қызылорда	7 125	2,0	1 873	33,7
Маңғыстау	9 638	3,0	1 041	20,4
Павлодар	5 425	1,3	782	31,3
Солтүстік Қазақстан	3 805	1,2	786	53,8
Түркістан	14 983	1,9	4 652	27,6
Шығыс Қазақстан	5 096	0,7	1 107	28,8
Нұр-Сұлтан қаласы	3 141	0,5	298	25,2
Алматы қаласы	12 090	1,2	492	9,7
Шымкент қаласы	8 958	2,1	1 926	58,3

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) деректері бойынша [6].

Соңғы жылдары ел экономикасын техникалық білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету және жастарға тегін кәсіптік білім алу мүмкіндігін беру жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізу аясында орта кәсіптік білімі бар азаматтардың саны артты. Осы жылдың екінші тоқсанындағы деректер бойынша білім деңгейі бөлінісінде орта кәсіптік біліммен қамтылғандар – 41,1% (3600,2 мың адам), сондай-ақ жоғары біліммен қамтылғандар – 37,6% (3294,6 мың адам) басым. Өз кезегінде, 64% немесе 5608 мың адам өз мамандығы

бойынша жұмыс істейді, 20,5% (1796 мың) мамандық бойынша жұмыс істемейді. Бұл факт мамандарды даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жоспарлау кезінде бейінді министрліктердің біртіндеп өзара іс-қимыл жасауын күәландырады. Болашақта бұл көрсеткіш ұлттық біліктілік жүйесін енгізумен өсуге тиіс, ол білім беру ұйымдарының жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін білім деңгейі бар мамандар даярлауына ықпал етеді [9].

Қазақстан Республикасы облыстарының, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар Басқармалар деректері бойынша, 2019 жылғы қаңтар-тамызда жұмыспен қамту мәселелері бойынша 394 мың азамат жүгінді. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне жұмыспен қамту органдарына есепте 175,7 мың адам тұр.

Халықты жұмыспен қамту органдарының көмегімен 299 мың адам жұмысқа орналастырылды немесе уәкілетті органдарға өтініш білдіргендердің жалпы санының 75,9%-ы, оның ішінде:

- әлеуметтік жұмыс орындарына 18,8 мың жұмыссыз азамат жіберілді;
- жастар практикасынан өтуге жіберілгендер 26,5 мың білім беру ұйымдарының түлектері;
- мүмкіндігі шектеулі адамдар 9,6 мың адам жұмысқа орналастырылды;
- қоғамдық жұмыспен қамтылған 68,9 мың адам;
- 32,5 мың адам кәсіби даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберілді.

«Еңбек» бағдарламасының «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» үшінші бағытын іске асыру шеңберінде жұмыс берушілерді ынталандыру үшін әлеуметтік жұмыс орындары (ӘЖО) құрылады да, онда мемлекет жұмыс берушілер шығынын 35%-ын субсидиялауды жүзеге асырады, 65%-ын жұмыс берушінің өзі қаржыландырады. Жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін бағдарлама аясында жастар тәжірибесі іске асырылуда. Колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері бастапқы жұмыс тәжірибесін алу үшін халықты жұмыспен қамту орталықтары жастар практикасына жібереді. 2019 жылдың 1 тамызына субсидияланатын жұмыс орындарына 87 мың адам, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына – 17 мың адам, жастар тәжірибесіне – 15 жас азамат, қоғамдық жұмыстарға – 55 мың адам жұмысқа тұрды. Сонымен қатар, еңбек ресурстарының ұтқырлығын ынталандыру үшін үкімет анықтайтын өңірлерге ерікті түрде қоныс аударатын адамдарға мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған.

Қазақстан еңбек ресурстары біліктілігінің еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ететін Ұлттық біліктілік жүйесін жақсарту саласындағы Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының негізгі ұсыныстарын іске асырады. Бүгінгі таңда Еуропалық біліктілік шеңбері негізінде біліктіліктің 8 деңгейін айқындайтын Ұлттық біліктілік шеңбері қажетті нормативтік база құрылған. Қазақстанда экономиканың талап етілетін 16 бағыты бойынша 480 жаңа кәсіби стандарт әзірлеу басталды. Құрылатын кәсіптік стандарттар әлеуметтік саланы және қаржы секторын, медицина мен туризмді, сауда мен тамақ саласын, мұнай-газ және өңдеу өнеркәсібін, машина жасау мен логистиканы, энергетика мен агроөнеркәсіп

кешенін, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, шағын бизнес және басқа да басым салаларды қамтиды. Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру бойынша жұмыс Дүниежүзілік банктің қаржылық және техникалық қолдауымен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі іске асыратын «Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» жобасы аясында жүргізілуде. Жалпы, жоба барысында 550 кәсіби стандарттарды әзірлеу және бекіту жоспарланып отыр, оның 70-і әзірленіп, ішінара бекітілді. Кәсіби стандарттар - Ұлттық біліктілік жүйесінің (ҰБЖ) маңызды компоненті. Кәсіби стандарттар еңбек нарығында тепетеңдікті қалыптастыруға, қызметкерлер мен жұмыс берушілер үшін бірыңғай талаптарды белгілей отырып, осылайша ашық «ойын ережесін» қамтамасыз етеді. 2020 жылға қарай Министрлік Қазақстан экономикасының барлық негізгі салаларында шамамен 550 кәсіби стандарттарды бекітеді. «Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» жобасы аясында қазіргі заманғы әдістеме бойынша әзірленетін жаңа кәсіби стандарттар еңбек нарығының барлық қатысушылары үшін сенімді бағдар болады [10].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек нарығының инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту бойынша екі нақты жобаны іске асырды. Бірінші жоба - 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген Электрондық еңбек биржасы. Биржа - бұл елдегі алғашқы сандық алаң және Қазақстандағы ең үлкен бос жұмыс орындары мен резюме банкі. Оған 203 мемлекеттік жұмыспен қамту орталығы, 51 жеке агенттік, 4 БАҚ және 7 онлайн-алаң қосылған. Жұмыс басталғаннан бері Электрондық биржада 985 мың бос жұмыс орын және 732 мың түйіндеме орналастырылды. 630 мыңнан астам азамат осы Еңбек биржасының көмегімен жұмысқа орналасты.

Биржаның одан әрі дамуы оның базасында электрондық еңбек шарттарын жасауды көздейді. Сондай ақ, биржа жұмыс берушілер сұранысқа ие кадрлар туралы кәсіби білім алу алаңына айналады, ал оқу ұйымдары - оқыту курстарына айналады.

Екінші жоба - жұмыспен қамту қызметін жаңғырту. Жұмыспен қамту туралы жаңа Заң аясында барлық жұмыспен қамту орталықтары жаңа жұмыс форматына көшті. Енді азаматтар үшін міндетті диагностика дағдылары мен жұмысқа орналастырудың жеке жоспарлары негізінде атаулы көзқарас қамтамасыз етілген. Жұмыс берушілермен жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерді іріктеу жөніндегі кәсіби HR-қызметтер ретінде жұмыс жүргізеді. Жұмыс берушілер мен ізденушілер үшін өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары құрылған [5].

Қазақстанда жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатын іске асыруда «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның қызметі де маңызды рөл

атқарады, оның миссиясы тиімді еңбек нарығын дамыту үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу және Қазақстанның еңбек ресурстарының сапасын арттыру болып табылады. Еңбек ресурстарын дамыту орталығы қызметінің негізгі бағыттары:

1. Жұмыстың келесі түрлерін болжайтын еңбек нарығы бойынша ақпараттың бастапқы көзі ретінде қалыптасуы:

- Еңбек нарығының жағдайы мен дамуы туралы талдау жүргізу;

- Жұмыспен қамту мәселелері бойынша жалпы республикалық деректер базасын қалыптастыру және жүргізу, кедейлік базасы бойынша ақпаратты өңдеу;

- Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу шараларының мониторингі;

- «Жұмыс» веб-порталын дамыту және әлеуметтік-еңбек саласының веб-ресурстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- Кадрларға қажеттілікті анықтау;
- Жаңа кәсіптер сыныптауышын енгізу;
- Кәсіптік даярлауды жүзеге асыратын оқу орындары мен орталықтарды бағалау;
- Мамандықтар бойынша жолсілтемені әзірлеу және жаңарту.

2. Жұмыспен қамту қызметтерінің тиімділігін арттыру жатады, олар:

- Халықты жұмыспен қамту орталықтары қызметінің нәтижелілігін анықтау;

- Халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметіне бірыңғай тәсілдерді енгізу;

- Жұмыспен қамту органдары қызметкерлерінің әлеуеті мен құзыреттілігін дамыту.

3. Әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйелерін енгізу және дамытудың бағыттары:

- Әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу және дамыту (ӘЕС БАЖ);

- ӘЕС БАЖбен бірге ведомстволық ақпараттық жүйелердің интеграциялануы;

- ӘЕС БАЖдың мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялануы;

- «Е-Халық» ақпараттық жүйесін әзірлеу және т.б. [11].

Қазіргі уақытта еңбек нарығында өнімсіз жұмыспен қамту өзекті проблемасы бар. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Еңбек нарығының негізгі индикаторларының Стратегиялық картасына сәйкес Қазақстан облыстары бөлінісінде нәтижесіз жұмыспен қамтылғандардың үлесі былайша көрінеді (4 кесте).

4 кесте

### Өнімсіз жұмыспен қамтылғандар үлесі

өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санынан пайызбен

	2017	2018
<b>Қазақстан Республикасы</b>	10,4	9,3
Ақмола	12,0	12,0
Ақтөбе	10,8	10,5
Алматы	14,5	13,9
Атырау	4,0	3,7
Батыс Қазақстан	10,3	9,6
Жамбыл	9,5	5,2
Қарағанды	21,4	18,3
Қостанай	16,1	14,4
Қызылорда	12,4	11,0
Маңғыстау	19,1	22,8
Павлодар	10,6	10,1
Солтүстік Қазақстан	3,0	2,6
Түркістан	-	6,4
Шығыс Қазақстан	16,6	11,3
Нұр-Сұлтан қаласы	0,0	0,7
Алматы қаласы	8,3	6,3
Шымкент қаласы	-	2,3

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) деректері бойынша [6].

Көп жағдайда еңбек нарығындағы бейресми сектор халықтың бір бөлігі экономиканың формальды секторында жұмыс орындарының жеткіліксіздігі нәтижесінде жұмыспен қамтуды ұйымдастыру тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады. Экономикалық қызмет түрлерін талдай отырып, ең көп таралған бейресми сектор үшін ауыл шаруашылығы (44%), көтерме және бөлшек сауда (20%), құрылыс (9%) салалары болып табылады. Сонымен қатар,

өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі әлі де 25%-ды немесе 2,2 млн. адамды құрайды. Бұл ретте 360 мың өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарынан өнімсіз жұмыспен қамтылған, яғни олардың қызметі тіркелмеген, немесе олардың табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жоғары үлесі негізінен ауыл шаруашылығы секторына тиесілі және кедейшілік алдындағы төмен табыс пен

өнімділікті қоспағанда, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың ұлғаюымен сипатталады. Бұдан басқа, анағұрлым өнімді және табысты жұмыс орындарына қол жеткізу білім мен кәсіби дағдылардың жетіспеушілігін шектейді. Негізгі, орта, жалпы және бастауыш біліммен қамтылғандардың 56% нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарға жатады.

Бұдан басқа, таяудағы 5 жылда 1990 жылдардың басындағы демографиялық құлдырауға байланысты жаңа қызметкерлер ағынының баяулауы байқалатын болады (2014 жылдан бастап құлдырау басталды). 2021-2022 жылға қарай жаңа қызметкерлердің жыл сайынғы ағыны 19 мың адамға дейін қысқарады. Осыған байланысты, жаңа жұмыс күшінің ағынын төмендету жағдайында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты толыққанды экономикалық қызметке тарту қажет болатын экономикалық өсу үшін резерв ретінде қарау керек [4].

Кәсіпкерлікті және шаруашылық субъектілерінің іскерлік белсенділікті дамыту халықты жұмыспен қамтудың өсуінетікелей әсеретеді. Кәсіпкерлікті дамыту мен нәтижелі жұмыспен қамтудың өзара байланысының үлгісі болып өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» және осы жылы аяқталатын «Бизнестің жол картасы-2020» табысты бағдарламасын іске асыру табылады. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады.

«Еңбек» бағдарламаны іске асыру нәтижелері бойынша статистикалық индикаторларды қарастырайық:

1. 2019 жылдың бірінші тоқсанында жұмыссыздық деңгейі - 4,8% (2021 жылы - 4,8% артық емес).

2. Жұмыс күшінің құрамындағы негізгі, орта, жалпы және бастауыш білімі бар еңбек ресурстарының үлесі, 2019 жылғы 1 шілдеге – 14,6% (2021 жылы – 20%-дан жоғары емес).

3. Өзін – өзі жұмыспен қамтыған халықтың құрамындағы нәтижесіз жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2019 жылғы 1 шілдеге – 9,3% (2021 жылы - 10%-дан аспайды).

4. Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді жұмыс істейтін субъектілерінің өсімі 2019 жылғы 1 қаңтардағы - 1241 мың ШОБ субъектісі, 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өсу қарқыны 110,3% (2021 жылы – 10%-дан кем емес өсім) [6].

Бұрын әзірленген ұзақ мерзімді демографиялық болжамға сәйкес, 2023 жылға қарай еңбекке қабілетті жастағы халық саны жалпы Қазақстанда 11417 мың адамды, ал жұмыс күшінің саны – 9184 мың адамды құраса, бұл 2018 жылға қарағанда 45,5 мың адамға немесе 0,5%-ға көп. Еңбекке сұраныстың қалыптасқан үрдістеріне сәйкес жұмыспен қамтылған халық саны 2023 жылға қарай 8767 мың адам деңгейіне жетеді, бұл 71,6 мың адамға немесе іс жүзінде 2018 жылға қарағанда 0,8%-ға артық. Жұмыссыздық деңгейі,

осылайша, 2023 жылы 4,55% деңгейінде бағаланса, бұл абсолюттік мәнде 417,6 мың адамды құрайды. Осылайша, 2023 жылға қарай жұмыссыздар саны 26 мың адамға немесе 2018 жылмен салыстырғанда 5,9%-ға қысқарады деп болжанып отыр [12].

### Қорытынды

Елдің еңбек нарығының қазіргі жағдайы жұмыспен қамтудың салыстырмалы жоғары көрсеткіштерімен және жұмыссыздықтың төмен деңгейімен мемлекеттік белсенді қолдау нәтижесінде сипатталады. Бұл ретте жұмыс күшінің ұсынысы мен сұранысын қалыптастыруда кейбір теріс үрдістер туындайды. Ауыл тұрғындары арасында жұмыссыздық, оның ішінде ауыл жастарының жұмыссыздық өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан халқының жұмыспен қамтылуын арттыру факторларының бірі елдің индустриялық-инновациялық дамуы мен әртараптандыру кезеңінде еңбек ресурстарын нәтижелі пайдалану болып табылады. Еңбек нарығының қазақстандық моделін қалыптастыру және оның 2020 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаға негізгі параметрлерін қалыптастыру ұлттық еңбек нарығындағы қалыптасқан жағдайды ғана емес, дағдарыстан кейінгі кезеңдегі әлемдік еңбек нарығындағы өзгерген конъюнктураны да ескеруге тиіс. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің тиімді мемлекеттік шараларының арқасында Қазақстанда жұмыссыздық деңгейін қолайлы деңгейде, әсіресе жанандық дағдарыс әсерінен сақтап қалуға қол жеткіздік.

Еңбек нарығындағы теңгерімсіздік мәселелерін шешу, жұмыс күшінің ұтқырлығын ынталандыру үшін мемлекет еңбек күші тапшы өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге азаматтарды ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу арқылы еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығын ынталандыру жөнінде бір-қатар шаралар қабылдайды. Сондықтан еңбек күші тапшы өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге азаматтарды ерікті түрде көшіруге жәрдемдесу арқылы еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығын ынталандыру жөнінде шаралар қабылдануда.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде 2018 жылы еңбек қатынастарының жай-күйін сипаттайтын компонент бойынша Қазақстан 140 елдің арасында 30-орынға көтерілді. Еңбек қатынастарын реттеудің қазақстандық моделі қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің теңгерімін, әлеуметтік диалогты қамтамасыз ету негізінде дамуда.

Мемлекеттік бағдарламаларды, еңбек нарығының инфрақұрылымына уақытты жаңғырту жобаларын іске асыру, кәсіптік оқыту және халыққа шағын кредит беру есебінен кәсіпкерлікті дамыту есебінен еңбек ресурстарының құзыреті айтарлықтай артты. Белгіленген бағыттармен қатар еңбек нарығының инфрақұрылымын дамыту және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру

жұмыс күшінің тиімді ағынына және еңбек көші-қонынан Қазақстанның еңбек тапшы өңірлеріне, сондай-ақ Ұлттық экономика салалары арасында серпін беруге тиіс.

Еңбек заңнамасының икемділігін сақтай отырып, лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету Үкімет қызметінің басым бағыты болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Стратегический План развития Республики Казахстан до 2025 года / Стратегии и Программы Республики Казахстан / Официальный сайт Президента Республики Казахстан <http://www.akorda.kz>
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2017г. №81 «Некоторые вопросы Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан» <https://www.enbek.gov.kz>
3. Закон Республики Казахстан от 6 апреля 2016г. № 482-V «О занятости населения» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.04.2019г.) <https://online.zakon.kz>
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 13 ноября 2018г. №746 «Об утверждении Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» (с изменениями по состоянию на 15.07.2019г.) / <https://online.zakon.kz>
5. Доклад Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан Б.М.Сапарбаева на пленарной сессии «Будущее сферы труда» XII АЭФ (16 мая 2019г.) / <https://www.enbek.gov.kz>
6. Данные официального интернет-ресурса Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан / <https://www.stat.gov.kz>
7. Справка по вопросам социально-трудоустройственной сферы (на 30 июля 2019г.) / <https://www.enbek.gov.kz>
8. Aruzhan Jussibaliyeva, etc. Regulation of Labor-Surplus Resources within the Framework of State Employment Programs Of The Republic of Kazakhstan: Experience of Entrepreneurship Education. / Journal of Entrepreneurship Education, Volume 22, Issue 2, 2019, ISSN 1098-8394 (Scopus)
9. Рынок труда во II квартале 2019г. / Публикации / АО «Центр развития трудовых ресурсов» Министерства труда и социальной защиты Республики Казахстан / <http://iac.enbek.kz>
10. Данные официального интернет-ресурса Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан / <https://www.enbek.gov.kz>
11. Данные официального интернет-ресурса АО «Центр развития трудовых ресурсов» / <http://iac.enbek.kz>
12. Демографический прогноз. Часть 3. Долгосрочный демографический прогноз. / Публикации / АО «Центр развития трудовых ресурсов» / <http://iac.enbek.kz>

#### Резюме:

Мақалада Қазақстандағы еңбек нарығының экономикалық талдау жүргізіліп, халықты жұмыспен қамту мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары мен шаралары қарастырылған. Еңбек нарығының қазіргі жай-күйі мен өзекті мәселелері зерттелді, елде іске асырылып жатқан өнімді және ұтымды жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламалары контекстінде халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешу перспективалары белгіленді. Қазақстанда еңбек нарығы мен халықты жұмыспен қамту индикаторлары талданды, өнімді және өнімсіз жұмыспен қамту мен жалпы жұмыссыздық көрсеткіштеріне макроэкономикалық талдау жүргізілді. Сондай-ақ, еңбек ресурстарын мемлекеттік реттеудің негізгі аспектілері қаралды, еңбек нарығындағы теңгерімсіздік проблемаларын шешу мақсатында Қазақстандағы еңбек күші артық өңірлерден еңбек күші жетпейтін өңірлерге ерікті түрде қоныс аударудың кейбір мәселелері қозғалды.

Негізгі сөздер: еңбек нарығы, жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты, мемлекеттік реттеу, жұмыспен қамту, жұмысқа орналастыру, өнімді жұмыспен қамту, ұтымды жұмыспен қамту, жұмыссыздық, еңбек ресурстары.

В статье приведен экономический анализ рынка труда в Казахстане, рассмотрены основные направления и меры государственной политики занятости населения. Изучено современное состояние и актуальные вопросы рынка труда, определены перспективы решения проблем занятости населения в контексте реализуемых в стране государственных программ продуктивной и рациональной занятости. Проанализированы индикаторы рынка труда и занятости населения Казахстана, проведен макроэкономический анализ показателей безработицы в целом, а также продуктивной и непродуктивной занятости. Также были рассмотрены основные аспекты государственного регулирования трудовых ресурсов, затронуты некоторые вопросы добровольного переселения из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы Казахстана с целью решения проблем дисбалансов рынка труда.

Ключевые слова: рынок труда, государственная политика занятости, государственное регулирование, занятость, трудоустройство, продуктивная занятость, рациональная занятость, безработица, трудовые ресурсы.

